

"Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы" КММ

Отбасы - шағын мемлекет

**С1 жоғары деңгей, IV тарау, 3-
сабақ**

Қазақ тілінің оқытушысы: Жазира Смагулова


1. Қыстырма құрылымдарды пайдаланып,
«Менің мемлекетім» тақырыбында
шағын эссе жазыңыз.



Қыстырма құрылымдар: бақытымызға қарай, біздің бағымызға, өкінішке қарай, обалы не керек, бір ғажабы,әрине, шынында, шынын айту керек, рас, сөз жоқ, сірә, мүмкін, кім біледі, қысқасы, демек, дегенмен, айтпақшы, қорыта келгенде, сіздіңше, біздіңше, (біреудің) сөзіне /пікіріне қарағанда т.б.

2. Қыстырма сөйлемде берілген ойларды сөйлеушінің қатынасымен сәйкестендіріңіз.

А	Кісінің көңіл күйі, сезімі.
Ә	Айтылған ойға сену, жорамалдау.
Б	Ойдың айтылу амалы, тәсілі.
В	Айтылған ойлардың өзара қатынасы.
Г	Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұрғысынан қарау.



Сөйтіп, біз зайырлылық ұғымын дұрыс түсіндіруіміз керек.


Қорыта келгенде, біздің мақсатымыз – мемлекетіміздің зайырлы қағидаттары негізінде діни сананы қалыптастыру.

Әрине, зайырлы деген атеистік дегенді білдірмейді.

Біздің бағымызға, зайырлы мемлекет – біздің тарихи таңдауымыз.

Не дегенмен, экстремизм мемлекетке қауіп төндіреді.

Қысқасы, зайырлы дегеніміз – озық, толерантты, ашық қоғам.



Біздіңше, мемлекетіміздің зайырлы келбеті – қоғам дамуының кепілі және бірлік пен тұрақтылықтың негізі.

Бақытымызға қарай, Конституциямыз әрбір адамның діни сенім бостандығына кепілдік береді.

Елбасының сөзіне қарағанда, біз дәстүрлі діндерге қолдау көрсетіп, кез келген экстремизм түрін үзілді-кесілді мойындамаймыз.

Шынында, жер бетіндегі 75 мемлекетте дін республиканың ресми бөлігі болып табылады.

ОҚЫЛЫМ

Тәуелсіз Қазақстан болашағының іргетасы әрбір үйде қаланады, еліміздің экономикалық әлеуеті әрбір отбасының береке-бірлігінен бастау алады. Дені сау, бақытты отбасы – қоғамымыз бен мемлекетіміздің берік тірегі. «Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз бекер айтылмаған. Отан шын мәнінде отбасынан басталады. Отбасында адамдардың өмірге көзқарастары қалыптасып, олардың болашаққа деген арман, үміттері оянады, жан дүниесі халқымыздың рухани мұрасынан сусындайды. Біз бүгінде алпысқа келгеннен ақыл сұрап, қарияларын айрықша қадір тұтқан, әкелерін асқар тауға, аналарын шаңырақтың алтын арқауына теңеген отбасылық құндылықтарымызға қайта оралуға тиіспіз. Жетімін жұбатып, қиналғанда қол ұшын берген халықтық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз керек.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**